



Ақмешіт

16 қараша
сейсенбі
№91 (1793)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



■ СҰХБАТ



Тектанушы
Әлия САҒЫМБАЕВА:

«ГЕНЕТИКАЛЫҚ МҰРА» АТАДАН БАЛАҒА ЖАЛҒАСАДЫ»

Адам баласының мінез-құлқы да, іс-әрекеті де, тағдыры да тегіне байланысты. Қазақтың «тегіңді біл» деуі бекер емес. Қазақтың текке аса мән беруінің құпиясы неде? Бүгінде мұны ғылымның бір саласы ретінде зерттеп жүрген тектанушы Әлия Сағымбаевамен сұхбаттасудың сәті түсті...

2 БЕТТЕ

■ 15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

«...Қазақстан Республикасы аумағында 1993 жылғы 15 қарашада сағат 8-00 ден Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілсін; 1993 жылғы 18 қарашада сағат 8-00-ден бастап теңге Қазақстан Республикасының заңды төлем құралына айналды».

Бұл – 1993 жылы 12 қарашадағы Президент Жарлығынан үзінді. Ресми құжат қазақ елінің төл теңгесінің дүниеге келуіне сеп болды.

Ел тәуелсіздігін алып, әлі де аяғынан нық тұрмаған елен-алаң шақтағы тарихи шешімнің бірі – қазақ елінің төл валютасын айналымға енгізу еді. Құнсыз ақша, азық-түлік тапшылығы, күнкөріс қамы секілді күйбең тірлікке айналған қарапайым елдің бір күнде «ақша ауысты» деген сөз еткізер жаңалықты қандай көңіл-күйде қабылдағанын сол кездегі ойын баласы болған біздер біле



бермейміз. Тек үлкендердің бүгінде жырқып айтар естеліктеріне сүйенсек, әбден құнсызданған сабан ақшаны санаулы теңгеге айырбастағанын, ағайыннан қарыз алған 1000 сомының бар болғаны 1-2 теңгеден аспағаны қызық. Тек бір айта кетерлігі, қарапайым халық үшін ең алғашқы әсер теңгенің құнынан бұрын дизайны қызықтырғандай. Тағы да аға буын естеліктеріне құлақ түрсек, төл теңгені қолға алып, Сүйінбай, Абай, Құрманғазының бейнесін қызықтап, мұны тосын әрі қызық көргенін алдымен атап айтады. Бір күнде ауысқан ақшаның, босағандан жаңа ақша ғана емес, рухани байлық болып енгені әр қазақ отбасына қуаныш сыйлағандай. Осы тұста бір айта кетерлігі, жаңа валютаның дизайны ұзақ талқыланады. Тіпті Тұңғыш Президент бейнесін салу секілді идеялар да болады. Алайда...

2 БЕТТЕ

■ МӘСЕЛЕ



Соңғы кездері машинасы барлардан маза қашты. Әсіресе, ресейлік көлік тізгіндеген жүргізушілер «сең соккан балықтай» мең-зең күйге түсіп отыр. Елімізде былтыр Армениядан әкелген көліктердің проблемасы біраз ұшығып еді. Биыл ресейлік нөмір таққан автокөлік мәселесі басталды. Бүгінде аспаған ресейлік көліктер айып алаңына камалуда. Осы мәселеге байланысты елдің түкпір-түкпірінде наразылық акциялары жүріп жатыр.

Қараша айы басталғалы республика бойынша Ресей мемлекетінде тіркелген автокөліктерді жашай тексеру, айыппұл салып, автотұраққа камалуда. Себебі Қазақстан заңына сәйкес, мұндай автокөліктердің жолда жүруіне тыйым салынған. Бұған бір жағынан ел аумағында іздеу салынған көліктердің шектен тыс көбейіп кетуі себеп болып отыр. Ал мұндай іске шетелдік көлікті тізгіндеген жүргізушілер біраз наразылық танытуда.

Бір айта кетерлігі, ресейлік көліктерді қаншама жыл ел төңірегінде еркін жүргізіп, енді ғана тексергені көпшіліктің көкейінде күдік пен сауалды қатар тұғызды. Міне осы жайтқа кеңінен тоқталайық.

КӨЛІКТЕН ТҮС немесе ресейлік көлік иелерінің мәселесі шешімін таба ма?


4 БЕТТЕ

■ ДЕНСАУЛЫҚ

Елімізде коронавирус инфекциясы белең алғалы түрлі оқиғалар орын алды. Жасыратын несі бар, індеттің алғашқы кезеңінде кемшіліктер көп болды. Кем-кетіміз білініп, вируспен күресу оңайға соқпады. Бұл ауру ең алдымен үлкендерді қойдай қырды. Енді міне, балаларға да жетті.

БАЛАЛАР

НЕГЕ АУЫРДЫ?



Шет елдерде коронавирустың бесінші толқыны басталды. Бейресми дерекке сүйенсек, оған біздің ел де дайындық үстінде-мыс. Әрине, алғашында керекті дәрі тапшы болып, ел қажет дүниесін таппай сандалды. Одан кейін құлағымыз да, көзіміз де, етіміз де үйренді ма мән бермейтін болдық. Кейде

тіпті «халық бұл дертке бірте-бірте үйренеді» деген сөз рас па деп қаласын. Өйткені екінші жыл осы инфекцияның уын қайтара алмай отырмыз. Шынында оған әлем медицинасы дәрменсіз бе? Әлде «қолдан жасалған ауру» деген халық арасындағы алып қашпа сөз рас па?

4 БЕТТЕ



«PFIZER»: АЛҒАШҚЫСЫ САЛЫНДЫ

Бүгінде «Pfizer» вакцинасы балаларға салына бастады. Күні кеше бұл вакцинаны Қызылорда медициналық жоғары колледжінің 16-17 жастағы студенттері салдырды. Бір айта кетерлігі, балаларды вакцинациялау кәмет жасқа толмағандықтан ата-ананың рұқсатымен жүзеге асады. Сондай-ақ 15 қарашадан бастап, 16-37 апта аралығындағы жүкті әйелдер мен босанудан кейінгі 42 күннен бастап емізуді аналарға да салынады.



Қызылорда облысына Еуропа елдері мойындаған «Pfizer» вакцинасының 97 мың дозасы қажет. Соның 23400 дозасы қаладағы орталықтандырылған вакцина сақтау қоймасына жеткізілді.

«Pfizer» вакцинасын дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы мақұлдап отыр. Ата-анасының немесе заңды өкілдерінің рұқсатымен 12 жас-тан 18 жасқа дейін кезең-кезеңімен егіледі. Вакцина салдырушыларға профилактикалық ету, ықтимал реакциялар мен имундаудан кейін жағымсыз жайттар туралы толық ақпарат беріледі. Бүгінде Қызылорда медициналық жоғары колледжінде 986 студент оқиды. Қазір 70 студенттің ата-анасы рұқсат беріп, соларға «Pfizer» вакцинасы салынауда, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов.

2 БЕТТЕ

Баспасөз-2022

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2022 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу басталды.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге,
мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

– Алғашқы эскиздерді Алматы қаласында жасадық. Түрлі идеялар болды. Министрлер, ғалымдар, тарихшылардың қатысумен қайта-қайта талқыланды. Еліміздің табиғат көріністері, көне заман ескерткіштері, жана сәулет ғимараттары ұсынылды. Сонымен қатар еліміздің тұңғыш Президентінің бейнесі де ұсынылды. Алайда Елбасының өзі қарсы болды. Ең соңында белгілі тұлғалар бейнеленген эскизді комиссия мүшелері қолдады, – дейді теңге дизайнын жасауға атсалысқан сырбойлық суретші Ағымсалы Дүзелханов.



Шыны керек, жұртшылық үшін бір күнде теңге пайда болғандай көрінетін осы бір тарихи сәт үшін тәуелсіз ел мемлекеті жігі дайындық жасады. Англияның фабрикасында төл теңгені дайындау, уақытпен санаспаған дизайнерлер еңбегі секілді жігі дайындық процесін кейін ғана жарк ете қалған төл теңге 1993 жылдың 15 қарашасында қазақ елінің ұлттық валютасы ретінде айналмағанды.



Қиын да жауапты істі қалай атқарғанын суретші Ағымсалы Дүзелханов былай деп еске алады.

– Тәуелсіз елдің алғашқы валютасын дайындаудамыз. Кеңес Одағының ақшасы құнсызданып, халықтың тұрмысы төмендеп қалған кез. Тезірек өз теңгемізді жасауға үлкен шабытпен жұмыс істедік. Уақыт тығыз. Үкімет тезірек аяқтауға жоспар берген. Біздің жұмыс істейтін офисіміз Лондон қаласынан үш сағаттық жерде орналасқан. Жолға уақыт кетеді. Мен фирма басшыларына түсіндіріп, қонақүйден шықпай жұмыс істеуге рұқсат алдым. Сурет құралдарын, қағаз, үлкен микроскопты қонақүй бөлмесіне

әкеліп берді. Енді теңгенің суреттерін нағыз шығатын көлемінде салу керек болды. Көлемі өте майда суреттер. Микроскоп арқылы сурет салуға мәжбүр болдым. Бұрынсоңды микроскоппен сурет салып көрмегем. Аквадель кистінің бір ғана қылымен барлық суретті салып шықтым. Қиын да қызықты жұмыс болды, – дейді А.Дүзелханов.

Бүгінде айналмағанды енгеніне 28 жыл толған теңге осы уақыт ішінде дизайны түрленіп, қорғаныштық қабілетін жетілдіріп отырды. Тәуелсіз елдің дербес қаржылық экономикалық жүйесін қалыптастыруға сеп болған төл теңгенің тәуелсіздік тарихында орны бөлек.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте


«PFIZER»: АЛҒАШҚЫСЫ САЛЫНДЫ

Осыған дейін бұл вакцины шетелдіктер қолға алып, жүзеге асырды. Мәселен, Израиль, Франция, Италия, Испания, Германия, Бразилия, Қытай, Швеция, Ұлыбритания, АҚШ тағы басқа дамыған елдерде алғаш балаларға салынды. Қарсы көрсеткіштеріне 12 жасқа дейінгі балалар, жүктіліктің 16 аптасына дейінгі кезең, вакцина компонентіне аллергиялық реакциясы бар адамдар кіреді. Алдағы уақытта «Pfizer» вакцины оқу орындар мен емханаларда жүргізіледі. Әрбір бала алғашқы 30 минут медициналық бақылауда болады. Сондай-ақ 3 күн бойы ата-анасы немесе заңды өкілі арқылы жағдайын бақылап отырады.

қыздарымыз ауырмасын. Өзге де ата-аналарға балаларына вакцина салдыруға кеңес беремін, – деді Жанар Нақыпова.

«Pfizer» вакцины бірінші кезекте облыс орталығындағы емханаларға таратылады. Содан соң аудандарға жөнелтіледі. Жалпы облыста вакциналауға жататын халықтың 70 проценті екінең толық компонентін қабылдаған. Ал қайта ревакцинациялау 22 қарашадан басталады деп күтілуде.

– Ревакцинация әр адамның өз қалауы бойынша жүзеге асады. Әлемде ұшығып тұрған жағдайға байланысты әркім жауапкершілікті өзіне алып, шешім қабылдауы керек. Бүгінде вакцинының негізгі дозасын алмағандар бар. Егер адамның иммунитеті төмен болса, жиі



Басы 1-бетте



жабық мекемеде жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлерге өз келісімімен салынады. Сонымен қатар векторлық «Спутник V», «Pfizer» салдырғандар 9 айдан кейін инактивті «Sinopharm», «CoronaVac», «Hayat-Vax», «QazCovid-in» вакцинысын алады. Ал инактивті вакцина алғандар 6 айдан соң, векторлық вакцина салдыру ұсынылады, – деді Қызылорда қалалық санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Гүлсім Жұмабекова.

Дүние жүзі ғалымдары «Вакцина» ата-аналар үшін балаларын жұқпалы аурудың зардаптарынан қорғаудың жағалы, ең тиімді жолы деп айтуда. Десе де халықтың басым көпшілігі балаларға салынатын «Pfizer» вакцинысы және ревакциналауға қарсы. Тіпті салдырмаудың түрлі амалдарын да қарастыруды ойлап жүр. Ал сіз қалай қарайсыз?

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ, Суретті түсірген: Н.НУРЖАУБАЙ

– Сізді ел тектанушы ретінде тани бастады. Дегенмен «Тектану» ғылымы қоғам үшін әлі де тосын әрі беймәлім екені шынық. Ең әуелі «Тектану» ғылымы туралы айтып беріңізші.

– Тектану – отбасы мен тектің даму заңдылығын зерттейтін және адамның мінез-құлқын түзетуге ықпал ететін ғылым. Бұл – психология, генеалогия, физика және антропологияны түсінуіне пайда болған жана бағыт. Совет үкіметі ыдырағаннан кейін 1992-1993 жылдары батыс психологтары үшін советтік ел тұрғындары қызық болды. Олар бізді жан-жақтан зерттей бастады. Соның ішінде біздің психологиямызды зерттеуге қызықты. Сол себепті МГУ-дің Психология факультетіне батыс Еуропадан, Америкадан психологтар келіп, семинарлар өткізе бастайды. Солардың бірі, Американың психогенетигі – Чемпион Курт Тойч және оның әйелі Джозель Мари. Чемпионның негізгі мамандығы – физик. Осы кезде ресейлік ғалымдар, физика-математика ғылымдарының кандидаты Валерий Докучаев пен философия ғылымдарының кандидаты Лариса Докучаева өздерінің қызығушылығымен семинарға қатысады. Қос физик-ғалым тез тіл табысып, адам өміріндегі кез-келген құбылыстың және мінез-құлқтың тұқым қуалайтындына көздері жетіп, мұны бір ғылым ретінде зерттей бастайды. Бұл салада генограмма деген сызба бар. Тектану саласындағы ең маңызды құрал – осы. Бұның қазақ шежіресіне ұқсастығы да, айырмашылығы да бар. Ұқсастығы – ата-бабаны білу. Қазақтың шежіресінде тек әке жағы айтылады ғой. Ал генограммаға нағашылар да кіреді. Әйелдер де, аналарымыз, әжелеріміз, апасыңдарымыз кіреді. Себебі Жаратқан бізді солай жаратқан: 23 хромосома әкемізден, 23 хромосома анамыздан келеді. Сол 46 хромосомада компьютер секілді барлық ақпарат жазылып тұрады екен. Кейде өзіміз де балаларға қарап «мінезі атамынан аумады, көзі әжесіне ұқсайды» дегенді айтамыз ғой. Әйтеуір бір ата-әжелерімізге ұқсаймыз. Мәселен, бір әжемді мейірімді жұмсақ болса, екінші әжемді қатаң болуы мүмкін. Олардың бір немересі біреуіне, енді біреуі екіншісіне ұқсайды. Кейде біз бір үйдің балалары мінезі әртүрлі деп танданамыз. Осының бәрін генетика деп атаймыз. Сондықтан тектану, генетика, генеалогия, физика, антропология, мәдениеттану қиылысында пайда болып отырған бағыт осы. Осы саланың екі бағыты бар. Бірі – тектілік мәдениетін білу. Екіншісі – мәселелерді тек арқылы зерттеу.

анықтап, өз-өзімен жұмыс істегеннен кейін бойымдағы маза бермейтін қорқыныштан құтылдым. Қазір ешқандай үрей жоқ.

Қазір әлеуметтік желідегі ақпараттың шексіздігінен адамдар өзін-өзі іздей бастады. Түрлі семинарларға қатысып, өз мәселесінің шешімін іздейді. Негізгі кәсіби психологтарға жүгінген дұрыс. Әрбір мәселенің түбірін тектен табуға болады. Мәселен, бір азамат кәсіп бастайды, бірақ кәсібі жүрмейді. Себебі неде? Мұның түбірін тектен іздеу керек. 1917 жылға дейін 80-90 процент қазақ бай болған. Совет үкіметі құрылғаннан кейін олардың малын, жерін, бар байлығын тартып алды. Кәмпескеге ұшырады. Солардың ұрпақтары әлі күнге дейін бай болуға, кәсіп ашуға қорқалды немесе ақшасынан айырылып қалады. Салықтан, биліктен қорқалды. Бұл – ата-бабамыздан келген үрей. Қанша уақыт өтсе де ұрпағына әлі күнге дейін әсер береді.

Әрбір мәселенің түбірін тектен табуға болады. Мәселен, бір азамат кәсіп бастайды, бірақ кәсібі жүрмейді. Себебі неде? Мұның түбірін тектен іздеу керек. 1917 жылға дейін 80-90 процент қазақ бай болған. Совет үкіметі құрылғаннан кейін олардың малын, жерін, бар байлығын тартып алды. Кәмпескеге ұшырады. Солардың ұрпақтары әлі күнге дейін бай болуға, кәсіп ашуға қорқалды немесе ақшасынан айырылып қалады. Салықтан, биліктен қорқалды. Бұл – ата-бабамыздан келген үрей. Қанша уақыт өтсе де ұрпағына әлі күнге дейін әсер береді.

Әрбір мәселенің түбірін тектен табуға болады. Мәселен, бір азамат кәсіп бастайды, бірақ кәсібі жүрмейді. Себебі неде? Мұның түбірін тектен іздеу керек. 1917 жылға дейін 80-90 процент қазақ бай болған. Совет үкіметі құрылғаннан кейін олардың малын, жерін, бар байлығын тартып алды. Кәмпескеге ұшырады. Солардың ұрпақтары әлі күнге дейін бай болуға, кәсіп ашуға қорқалды немесе ақшасынан айырылып қалады. Салықтан, биліктен қорқалды. Бұл – ата-бабамыздан келген үрей. Қанша уақыт өтсе де ұрпағына әлі күнге дейін әсер береді.

Әрбір мәселенің түбірін тектен табуға болады. Мәселен, бір азамат кәсіп бастайды, бірақ кәсібі жүрмейді. Себебі неде? Мұның түбірін тектен іздеу керек. 1917 жылға дейін 80-90 процент қазақ бай болған. Совет үкіметі құрылғаннан кейін олардың малын, жерін, бар байлығын тартып алды. Кәмпескеге ұшырады. Солардың ұрпақтары әлі күнге дейін бай болуға, кәсіп ашуға қорқалды немесе ақшасынан айырылып қалады. Салықтан, биліктен қорқалды. Бұл – ата-бабамыздан келген үрей. Қанша уақыт өтсе де ұрпағына әлі күнге дейін әсер береді.

Әрбір мәселенің түбірін тектен табуға болады. Мәселен, бір азамат кәсіп бастайды, бірақ кәсібі жүрмейді. Себебі неде? Мұның түбірін тектен іздеу керек. 1917 жылға дейін 80-90 процент қазақ бай болған. Совет үкіметі құрылғаннан кейін олардың малын, жерін, бар байлығын тартып алды. Кәмпескеге ұшырады. Солардың ұрпақтары әлі күнге дейін бай болуға, кәсіп ашуға қорқалды немесе ақшасынан айырылып қалады. Салықтан, биліктен қорқалды. Бұл – ата-бабамыздан келген үрей. Қанша уақыт өтсе де ұрпағына әлі күнге дейін әсер береді.

Тектілік мәдениетіміздің негізі – шежіре. Жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақтың тектілігі қандай керемет. Кейбір ұлттарда бөлелер бір-бірін ала береді. Тәжікстанда бөлелер мәселені зерттегенде ауру балалардың көбеюі осы туыстардың басқосуынан екендігін анықтаған. Ал қазақ мұны ертеден біліп, жеті атаға дейін қыз алуға тыйым салған. Қазақ мықты генетик болған. Бірақ XX ғасырда қуғын-сүргін, ашаршылық, совет үкіметінің идеологиясынан шежірені ұмыта бастадық. Оның үстіне ата-әжелеріміз жетім қалды. Мұндай кезде жеті атамыз есте сақтау қайдан болсын? Әйтеуір руын, әжесін ұмытпаған. Қазір менің статистикама 20 процент қазақтар жеті атасын толық білді. Руханы жаңғырудың мазмұны да осында. Біз тектің ұлт денсаулығы үшін маңызды екенін ұғынып, ата-бабамыздың шежіресін кейінгі ұрпағымызға айтып отыруымыз керек.

Тағы бір айта кетерлік мәселе – бұрын жиі айтылатын «тектің ұрпағы» деген сөз қолданысымыздан шығып барады. Мұның жоғалуы себебі – XX ғасырдағы қуғын-сүргіннің зардабы. Біз тілімізден, дінімізден, салт-дәстүрімізден алыстап қалдық. Тіпті қазақ тілінде сөйлеу, қазақ болу қауіпті болды ғой. Қазір әлі де орысша сөйлейтін қазақтар жиі кездеседі. Генетикалық мұра арқылы келген үрей олардың әлі де ана тілінде сөйлеуде кедергі жасайды. Сол себепті біз оларды кінәламауымыз керек. Себебі семинар өткізу барысында мұндай жағдайлар жиі кездесті. Ана тілінде сөйлегісі келсе де сөйлей алмайтындардың түп негізін анықтағанда олардың ата-бабасы қуғын-сүргіннің зардабын тартқандар. Олардың ұрпақтарының бойындағы үрейді женуге көмектескенде жайлап қазақша сөйлей бастағанының куәсі болдық.

Ана тілінде сөйлегісі келсе де сөйлей алмайтындардың түп негізін анықтағанда олардың ата-бабасы қуғын-сүргіннің зардабын тартқандар. Олардың ұрпақтарының бойындағы үрейді женуге көмектескенде жайлап қазақша сөйлей бастағанының куәсі болдық.

– Бүгінде қазақтың тегінде жоқ оғаш мінездер қайдан келді? – Тағы да XX ғасырдағы қасіретті кезеңдерден келді деп айта аламыз. Қуғын-сүргін, ашаршылық. Әсіресе, ашаршылық өте қатты әсер берді. Мұрат Әуезов: «Ашаршылықтың әсері сондай, 7 ұрпаққа дейін мұның зардабын сезінетін болады» деген еді. Осындай әлеуметтік катаклизм болғанда адамдарда бір

ғана мақсат болады. Ол – қандай жағдайда да тірі қалу. Бұл кезде тіл, мәдениет, әдет-ғұрып дегенді ойлау қайдан? Тек тірі қалуы ойлады. Қандай қиын кезең. Оның үстіне советтік идеология басқа мәдениетті, басқа салт-дәстүрді енгізді де халық соған бұрылып кетті. Мәселен, ішімдікті айтайық. Бұл – қазақ үшін жат қылық. Көрші халықпен араласа бастағаннан кейін, соны тез қабылдап алды. Көршінің жақсылығын да, жамандығын да қабылдадық. Ішімдік ішу, психологиялық күйзелістен арлыу болды. 1917 жылға дейін қазақ қоғамында психолог қызметін билер, бақсылар, емшілер, сопылар атқарды. Ал енді кеңестік идеология мұның бәрін жоққа шығарды. Сол кезде қазақ психологиялық көмексіз қалды.

Советтік идеологияны қолдағандар соның жетегімен кетті, ал бұл саясатпен күрескен алаш азаматтарының тағдыры онысы да белгілі.

– Бір сұхбатыңызда «XX ғасырдың қасіреті 3-4 ұрпақ алмаспай қазактың бойынан кетпейді» дейсіз. Тарқатып айтсаңыз... – Кешегі әлемді жайлаған индеттен болған пандемия екінші дүниежүзілік соғысты қайталағандай болды. Соғыста фашизммен күресті, оның тағы бір «қоричневая чума» деген атауы болды. Қазір көзге көрінбейтін вируспен күресудеміз. Пандемия кезінде адамдар бір-бірімен қатынаса алмады, тіпті қайтыс болған жақынның жерлеуге бара алмады. Ал ашаршылық кезде де осындай жағдай болды. Ашаршылық, қуғын-сүргін кезіндегі қазақтың басындағы қиын жағдай уақыт өте келе түрленіп қайталанып отыр.

– Кейбір психологтар тектануды тренинг тақырыбы етіп жүр... – Тектану өте керек. Кейбір психологтар бұл саланың бірін біліп, бірін түсінбей өз семинарларына қосып алды. Мен бұған қарсымын. Тек туралы түсіну үшін оқу керек. Кәсіби тектанушы болу үшін үш жыл оқу керек. Кейбір психологтар ана жерден, мына жерден оқып алып, шала-шарпы айтып жүр.

Тағы бір атап айтарлық, маған кеңес алуға келгендердің 80 процентінің ата-бабалары Ұлы Отан соғысына қатысқандар. Бірі соғыста қаза тапса, бірі хабар-ошарсыз кетті, енді бірі елге оралды. Олардың тағдыры ұрпақтарына қатты әсер береді. Осыны зерттедім. Мысалы, хабар-ошарсыз кеткендердің ұрпақтарында әрдайым жоғалту құбылыстары қайталанып отыратыны анықталды. Яғни ұрпақтары әлі күнге дейін үйлерінен, кәсібінен, денсаулығынан, табысынан айырылады. Осыны қалай тоқтату керек? Адам хабар-ошарсыз жоғалса, іздеу керек. Ресми дерек бойынша елден кеткен 271503 жауынгер хабар-ошарсыз қалған. Оның көбі қазақтар. Қазақта «Олі разы болмай, тірі баймайды» дейді. Мен әріптестеріммен бірге осыдан 3 жыл бұрын «Атамның аманаты» атты қоғамдық бірлестік аштым. Біз хабар-ошарсыз кеткендерді іздейміз. Хабарсыз кеткен ата-бабалары туралы дерек тапқан ұрпақтарымыз кейіннен сөйлессеңіз, олардың өмірі жақсы жағына түбегейлі өзгергенін куә болып жүрміз.

– Сұхбатыңызға рахмет. Сұхбаттасқан Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

«ГЕНЕТИКАЛЫҚ МҰРА» АТАДАН БАЛАҒА ЖАЛҒАСАДЫ»

Сондай-ақ сөз күдіреті деген бар. Мұны қазақ ертеден түсінген. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген емес пе? Жапондық ғалымдар зерттеу жүргізіп, сөздің ДНК-ға әсер ететініне көз жеткізген. Мен ресейлік ғалымдарға қазақтың «Сөз сүйектен өтеді» деген мақалын айттым. Олар қатты таңғалды. Сүйек деген ДНК ғой. Кейде ғалым әріптестерім қалжындап: «қазақтар тағы не деп айтқан?» – дейді. Қазақ – өте дана халық.

ШЫРАҒДАН



Бүгінде өскелең ұрпаққа заман талабына сай сапалы білім алу үшін тиісті жағдай жасалуда. Мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңарту, мұғалім біліктілігін арттыру бағытындағы мемлекеттік бағдарламалар нәтиже беріп келеді. Аймақтағы мектептерде де балалардың сапалы білім, саналы тәрбие алуы үшін мүмкіндік мол. Соның ішінде Жақыпбек Махамбетов ауылындағы №143 орта мектеп осы үдеден шығуға қабілетті білім ошағының қатарында.



ЖЕТІСТІК БАСТАУЫ БОЛҒАН ТАРИХИ МЕКТЕП

ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХ

1925 жылы ағарту істері жөніндегі Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы жарияланып, жер-жерде мектеп ашу жұмысы жаппай қолға алынды. Қызылорда ел астанасы болған уақытта Ж.Махамбетов ауылында да бастауыш мектеп ашылды. Нақтырақ айтқанда, 1927-1928 оқу жылында «ҚазЦИК» атындағы бастауыш мектеп жұмысын бастаған.

Бұл мектептің ашылуына Халық Комиссарлары Кеңесімен қатар сол тұстағы бірқатар зиялы азаматтардың ықпалы зор. Оның ішінде ҚР Ішкі істер Халық Комиссариаты Орталық әкімшілік басқармасының басшысы және ҚР Милиция басшылығында ұзақ жыл қызмет атқарған Нұрұхамед Өткелбаевтің қолдауы ерек. Сондай-ақ Перовск уездік комитет хатшысы, БКБП Орталық Комитетінің Орталық Азия бюросында лауазымды қызметте болған Әбу Құдабаевты да атап өткен жөн. 1927 жылы еденіне қыш төселген еңселі мектеп бой көтеріп, сол жылы 27 оқушы мектеп табалдырығын аттаған. Ал оқушыларға Бекмағанбет Құрманбаев, Кенжебай Жаңабылов сынды білікті ұстаздар сабақ бергені аңызға айналған. «ҚазЦИК» бастауыш мектебі 1927 жылдары Қызылорда облысындағы 149 мектептің бірі болды. Сол кезеңде мектептердегі оқушылар саны – 12495, мұғалімдер саны 407 болған еді.

Міне, осылайша №143 орта мектептің тарихы «ҚазЦИК» бастауыш мектебінен бастау алады. Жаңадан іргетасы қаланған бастауыш мектептің келешек жандануына қолхоз құрылысының дамуы себеп болды. Сол кезде ел басқарған Ешпан Жанбосынов, Нұржан Дәрменбаев, Әбіш Желдербаев, Шобдар Шатенов сынды азаматтар ауыл балаларының білім алуын қамтамасыз етіп, мектептің материалдық-техникалық жағдайына ұдайы көмектесіп отырған. Кейін осы мектептің негізінде «Жас кайрат» жеті жылдық мектебі ұйымдастырылды. Сол жеті жылдық мектептен партия, кеңес органдары мен халық шаруашылығы саласында абыройлы қызмет атқарған азаматтар

орталығы мен педагогикалық өлшемдер орталығы мұғалімдерімен тәжірибе алмасудың сәтті түсті. Осылайша жаратылыстану бағыты бойынша дәріс беретін ұстаздардың біліктілігін арттыра алдық.

Одан бөлек жоба бойынша мектептің материалдық-техникалық базасы жаңартып, физика және биология кабинеттері заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ оқушылардан алынған сауалнамаға сүйеніп, мектепте спорттық, ән үйірмелері ашылды. Қазіргі таңда мектептегі күрделі жөндеуден соң үйірмелердің тоқтаусыз жұмыс жасауына мүмкіндік туды, – деді мектеп басшысы Фарида Караманқызы.

Айта кетейік, 2019 жылы мектепке «Мұнай құрылыс» компаниясының демеуімен күрделі жөндеу жүргізілген. Сол арқылы есік-терезе, еден жөнделіп, қабырға жаңадан сыланған. Әрі мектеп сырты қайта қапталған.

университеті, А.Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік университеті секілді білім ордаларына жол алды. Сондай-ақ Мәскеу ақпараттық технологиялар университетінде білім алуға мүмкіндік алғандар да бар, – деді мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлмира Жұмалдідаева.

Был мектептен 41 бала бітіреді. Оның үшеуі «Алтын белгіге» үміткер. Олардың қыркүйек-қазан айындағы сынамадан кейінгі көрсеткіші 98, 103, 118 баллды көрсетіп отыр. Былтыр орташа көрсеткіш 86 баллды құраған.

ҮЙІРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ МОЛ

Қазіргі таңда №143 орта мектепте 13 мектепшілік спорт үйірмесі жұмыс істейді. Аталған үйірмелерге 300-ден аса оқушы қатысады екен. Әсіресе мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімдері жетекшілік ететін спорт үйірмелеріне сұраныс жоғары. Атап айтқанда, дойбы, шахмат,



жеңімпазы атанды. Ал Инабат Темірбек 2020 жылы республикалық «Абай әлемі» байқауынан I орын алды. Бұдан бөлек, ағылшын тілінен республикалық «Big Ben» байқауында мектептің онға жуық оқушысы I орын иеленді. Тізе берсек, жарыстардан «жүзден жүйрік» шыққандар жетерлік.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМ – ӘЛЕУЕТ ДЕҢГЕЙІ

Мектепте біліммен қатар әлеуметтік көмек те назардан тыс қалмаған. Білім ошағы 2020-2021 оқу жылында «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына көмек көрсетуді жалғастырып келеді.

Жыл сайын «Жалпыға бірдей міндетті оқу қорының» есебінен әлеуметтік осал топқа жататын отбасы балаларын тегін тамақпен қамтылады. Мұнда 1-11 сынып аралығындағы 138 оқушыға тегін ыстық тамақ беру ұйымдастырылған. Үйден оқитын 7 оқушыға да мектеп ұжымы көмек көрсетіп келеді. Әсіресе пандемия басталған тұста мүмкіндігі шектеулі және аз қамтылған отбасылардың балалары ноутбук, планшеттер мен өзге де құрал-жабдықтармен қамтылған.

– Қашықтан оқыту жүргізілген кезеңде білім беріп отыратын балалардың қызығушылығы төмендеген еді. Себебі мұндай тәжірибе бұрын-соңды кездеспеген еді. Бірақ бүгінде біртіндеп мектеп көрсеткіші жоғарылап келеді. Қазір түрлі үйірмелерге ден қойдық. Қосымша би мен ән үйірмелерін қостық. Көбіне ауыл балалары ұяң келеді. Сондықтан быдан бастап дебатқа көңіл бөлмекіз. Бұдан бөлек, алдағы уақытта қалыс қалып жатқан асық, ләңгі ездегі ұлттық құндылығымызды дәріптейтін спорт түрлерінен үйірмелер ашу ойда бар. Ал енді мұғалімдердің біліктілігін арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында облыстық семинарлар ұйымдастыруды ойлап отырмыз. Сапалы білім – ел



әлем чемпионатына қатысты. Сондай-ақ Аяжан Қонысбекова спартакиададан қола жүлде иеленді.

Айта кету керек, мектептің жаттықтырушылар құрамы да үнемі бабында. Мысалы, II республикалық мұғалімдер спартакиадасында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Венера Саутбаева, Бауыржан Кенесов облыстық кезеңнің I орын иегері атанды. Ал республикалық кезең бойынша III орын алды.

Оқу ордасында білім берумен қатар тәрбие жұмыстары да жола қойылған. Мектеп оқушылары тәрбие саласы бойынша көптеген іс-шара мен жарыстарға қатысып, жүлделі орын иеленіп жүр. 2019-2020 оқу жылында Талсуат елді мекенінде ауылдық округтер арасындағы «Көңілді тапқырлар» клубы сайысында I орын, «Достық кубогы» атты жарыста III орын алған. Ал республикалық ән байқауы бойынша Гүлім Шапабаева I орын иеленсе, Ажар Рахатқызы II орын, Эльдар Бақытжан I орын еншілеген.

Жалпы білім ордасы талантты шәкірттерге кенде емес. Быыл Икрам Мұтапапов халықаралық Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Әл-Фараби атындағы олимпиададан I орын алды. Сондай-ақ республикалық «Қазақстанның 100 үздік дарынды оқушысы» байқауының



болашағын айқындайтын басты көрсеткіш. Отан алдында ой-өрісі дамыған, талантты, білімді және ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз, – деді мектеп басшысы.

Иә, балаға тәрбие мен білімді сіңіру мұғалімдердің негізгі борышы десек, мектеп ұжымы бұл үдеден шығуда тосылған кезі жоқ. Бүгінде білім ошағы білікті шәкірттерімен, қасиетті кара шаңырақтан түлеп ұшқан атақты тұлғалармен мақтанады. Жалғыз білім саласы емес, спорттан да бұл мектептің өзгелерден бәсі жоғары. Жыл сайын білім саласында жаналық көп жасалып келеді. Заман талабына сай оқу ордасында оқушылардың сапалы білім алуына толық мүмкіндік жасалған. Келешекте бұл білім ұясы талай жетістіктің бастауы болып, түлеп ұшқан тұлғалар елдің тұтқасы болардай. Біздің бүгінгі көргенімізден түйеніміз – осы.

Ақтөке БІТІМБАЙ
Суретті түсірген Нұрбол НҮРЖАУБАЙ



ТҮЛЕКТЕР ТАҒЫЛЫМЫ

Осы арада ғасырлық тарихы бар мектеп тұлғалары туралы айтып өткен жөн секілді. Солардың ішінде ғылым жолындағы ізденістері арқылы жетістікке жеткен ғалымдар, лауазымды қызметті абыройлы атқарған тұлғалар жетерлік. Халыққа қызмет етіп, жетістікке жеткен елге сыйлы азаматтардың алғаш әріп танып, дүниетанымын қалыптастырған қасиетті білім ошағы қашанда тұлғалардың жанында.

Айтулы тұлғалардың қатарында Байзақ Момынбаев бар. Ол – Қазақстандағы инженерлік педагогиканың дамуына үлес қосып, жастардың техникалық, бастауыш, орта және кәсіптік білім сабақтастығының теориялық, педагогикалық негіздерін қалыптастырушы ғалым. Ғылыми атак-дәрежесі де баршылық. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан-Ресей білім академияларының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Сыр өңіріне белгілі Наурызбай Байқадамов та мектептен түлеп ұшқан арманшыл тұлғалардың санатында. Бірнеше лауазымды қызмет атқарып, ел дамуы жолында қызмет еткен азамат білім алған мектебін үнемі мақтаншы етеді. Мұндай тұлғалардың аядай Ж.Махамбетов ауылынан шығуы тұрғындар мерейін асыруда.

ҮБТ – БІЛІМ КӨРСЕТКІШІ

Мектеп бітірушілерге жоғары оқу орнына түсу үшін ҮБТ мен мемлекеттік грант конкурсының маңызы зор. 2019-2020 оқу жылында №143 мектептегі 22 тұлғаның 17-сі ҮБТ-ға қатысқан. Тестке қатысушы оқушылардың орташа балы 72,2 процентті құраса, 2 оқушы «Алтын белгі», 1 оқушы «Үздік аттестат» иеленген. «Алтын белгіге» бітірген Сара Нұрсұлтан, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің жалпы медицина мамандығы бойынша мемлекеттік грантының иегері атанды. Ал Сәулет Камал Қорық ата атындағы Қызылорда университетінің физика-математика мамандығы бойынша грантқа түскен. Жалпы 2019-2020 оқу жылында бітірген 22 оқушының 12-сі мемлекеттік грант иегері болыпты. Ал 2020-2021 жылы оқу жылында 20 оқушы мектеп бітірген.

– Быыл да мектеп бітірушілердің барлығы ҮБТ-ға толық қатысып, оқушылардың орташа балы 65,5 процентті құрады. «Үздік аттестатқа» бітірген оқушылар Асылзат Әділбекова, Назгул Қойшыбай жоғары балл жинап, мемлекеттік білім грантын иеленген. Осылайша мектеп тұлғалары 100 процент мемлекеттік білім грантына қол жеткізіп, ЖОО-ға оқуға түсті. ҮБТ-ның электронды форматқа көшуі, оқушылардың ақысыз екі рет тест тапсырып, жоғары көрсеткішін мемлекеттік білім грант конкурсына ұсынуы да мүмкіндікке айналды. Аталған бастама мектеп бітірушілері үшін тиімді тәсілге айналғаны анық. Осылайша тұлғалар республиканың түкпір-түкпіріне оқуға аттанып, тіпті шетелде білім алуға кеткендер де бар. Атап айтсақ, әл-Фараби атындағы Казак ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Казак ұлттық аграрлық

үстел теннисі, волейбол, баскетбол үйірмелері табысты нәтиже көрсетуде. Сонымен қатар оқушыларды футбол, жеңіл атлетика, күрес, бокс және ұлттық ойын үйірмелерінен білікті мамандар жаттықтырады. Жаттықтырушылардың кәсіби шеберлігінің арқасында үйірме мүшелері республикалық, облыстық жарыстардан олжалы оралып жүр.

Бекзат Боздақбаев, спорт шеберлігінен үміткер. – Оқушыларды еркін күрестен жаттықтырамын. Бір ерекшелігі сол, мұнда қыздар мен ер балалар бөлек жаттығады. Бүгінде үйірмеге 100-ге тарта оқушы қатысады. Тізім бойынша бірінші және екінші ауысым кезегімен жаттығуға мүмкіндік бар. Жетістіктер де жаман емес. Оқушылар қалалық, облыстық, республикалық турнирлерде топ жарып келеді. Мәселен, Құдайберген Мұрат екі мәрте Қазақстан чемпионатында үздік атанып, әлемдік турнирге дейін барып қайтты. Ал Аяжан Қонысбекова Қазақстан біріншілігінде қола жүлде иеленді. Жыл соңына дейін Шымкент қаласында қыздар арасында еркін күрестен Қазақстан чемпионаты өтеді. Қазір сол жарысқа дайындық үстіндеміз.

Әзіз Қанатбаев, бокстан Қазақстан чемпионы: – Үйірме 5 жыл бұрын құрылды. Осы жыл аралығында жұмыс жүйеленіп, тәжірибе толыса түсті. Қазір бокс үйірмесінде 50-ден аса оқушы бар. Барлығы қалалық және облыстық жарыстарда нәтиже көрсетіп жүр. Жакында Қармақшы ауданында өткен облыстық турнирде бірнеше оқушы республикалық жарысқа жолдама алды. Енді мүмкіндігімізді күрделі додаларда сынаймыз деп сенемін.

Сондай-ақ басқа да үйірме қатысушылары біршама жетістікке жеткен. Мәселен, Бекнұр Сайрамбек волейболдан үш дүркін Қазақстан чемпионы атанған. Сондай-ақ ол Қызылорда облысының волейболдан «Қайсар» құрама командасының мүшесі. Ал Құдайберген Мұрат еркін күрестен ҚР-ның жеңімпазы атанып,



тәрбиеленіп шыққаны көпке аян. 1961 жылы сегіз жылдыққа айналған мектепке көрнекті партия және мемлекет қайраткері С.М.Киров есімі берілді. Ал 1967 жылы білім ошағы орта мектеп статусын иеленіп, жаңа деңгейге көтерілген. Айта кететін жайт, бүгінге дейін білім ошағының басшысы болып 25 адам қызмет атқарған. Ең алғашқы тізгінді Бекмағанбет Құрманбаев аяса, 2017 жылдан бері директор қызметін Фарида Тапалава атқарып келеді.

Бүгінде екі қабатты зәулім мектепте барлық жағдай жасалған. Яғни оқу, әкімшілік, білім беру, және спорт кабинеттері қарастырылған. Онда сынып кабинеттері, шет тілдерін үйренуге, еңбек тәрбиесіне арналған, физика мен химия мамандандырылған кабинеттері, компьютерлік сауаттылық пен информатиканы оқуға арналған кабинет, оқу залымен қамтылған кітапхана, асхана, акт залы, спорт зал, дәрігер кабинеттері бар.

Мектеп директорының айтуынша, биылдың өзінде мектеп табалдырығын 95 бала аттаған. Қазіргі таңда оқу ошағында 975 оқушы, мектепалды даярлық тобын қосқанда 1051 бала білім алуда. Мектепте 112 педагог жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі – жоғары санатты мұғалімдер.

– Өткен жылы «Ауыл мектебі» республикалық жобасы аясында мектепте біршама жұмыс атқарылды. Оқушылардың оқу үлгіріміз 2019-2020 оқу жылы 47 процент болса, 2020-2021 оқу жылының білім сапасы 52 процентке көтерілді. Бұрын жаратылыстану және орыс тілі, шет тілі пәндері бойынша көрсеткіш төмендегені жасырын емес. Ал жоба нәтижесінде мектептің педагогикалық құрамы үздік дипломмен бітірген мамандармен толығып, педагогикалық шеберлік



КӨЛІКТЕН ТҮС немесе ресейлік көлік иелерінің мәселесі шешімін таба ма?

Жалпы ел аумағында шетелдік автокөліктерді жаппай тексеру шарасының қолға алынуына тамыз айында ПМ-нің Мемлекеттік кірістер комитеті және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп ресейлік көліктерді тексеруі себеп болған. Тексеру барысында елімізде, оның ішінде Қызылорда да қылмысқа қатысы бар көліктер әкелінгені туралы фактілер анықталған. Әрі жалған құжат арқылы әкелу бойынша да деректер ашылған. Тіпті Ресейде тіркелген автокөліктерді шығарылған көліктердің Қазақстанда қолданыста жүргені белгілі болған.

Ішкі істер министрлігі Қазақстанда шетелде тіркелген барлық көлік бойынша сактандыру компанияларына сауал жолдады. Бұл ақпарат Ресей Федерациясының ішкі істер министрлігіне тексеруге жіберілді. Нәтижесінде Қазақстанда ресейлік нөмір таққан 210 мыңдай көлік жүргені белгілі болды. Оның 88 мыңы еш жерде тіркелмеген. Яғни автокөліктің Ресейдегі иесі темір тұлпарын сатқаннан кейін мемлекеттік

тіркеуден шығарған. Ал Қазақстандағы иесі темір тұлпарын рәсімдемеген. Техникалық байқаудан өткізбеген. Ал ел заңы бойынша тіркелген көліктер ғана жол қозғалысына қатыса алады, – деді ПМ ӘПК төрағасының орынбасары Серік Түсіпов.

Бұл автокөліктер біздің елдік де, Ресейдің де қузырлы органдарының есебінде жоқ деген сөз. Ал мұндай темір тұлпармен жолда жүру ел ережесіне қайшы. Сырттан әкелінген автокөліктерді кедендік тіркеуден өткізуі қажет емес. Алайда Қазақстан ішінде есепке қою үшін утилизациялық алым мен бастапқы тіркеу сомасын төлеу қажет. Өйткені ресейлік нөмір таққан автокөліктер тіркеуі болмаса да ел аумағында бір жылға дейін ғана жүре алады. Алайда белгіленген уақыт өткен соң кемінде 1 ай ел шекарасынан шығарылуы керек. Міне, содан соң бұрынғысына Қазақстанда қайтадан пайдалана беруге болады.

Қаламызда жүргізушілер жол ережесін бұзбаса да жол сақшылары тоқтата беретінін көп айтып жүр. Бұл тұрарында ПМ ӘПК төрағасының орынбасары Серік Түсіпов Ресейде

тіркелген, жол ережесін бұзбаған көліктер тоқтатылмайтынын айтты.

– Ресей мемлекетінен келген 120 мыңға тарта көлік жол қозғалысы туралы заңның талаптарына сай қолданылады. Оларға қатысты ешқандай шағым жоқ. Олар Қазақстан жолдарында бір жылға дейін емін-еркін жүре алады. Ресейлік нөмірлі көліктердің жүргізушісі жол ережесін бұзған жағдайда ғана тоқтатуға болады, – деді Серік Түсіпов.

Жалпы бұл мәселеге такси болып, күнделікті напұлды айырып отырған ресейлік көлік иелері айтарлықтай наразылық танытты. Жол полициясы ресейлік нөмір таққан автокөліктерді тоқтатып, айып тұрақтарына қамай бастау жүргізушілердің шымбайына тиген. Себебі қаламызда алғашқы екі күннің өзінде айып тұраққа 28 көлік қамалған.

Сейіт Адабергенов, ресейлік автокөлік иесі:

– Осы ай басталғалы әр бағдаршамның тұсынан полиция себепсіз тоқтатып, тексере беретін болды. Тіпті тәртіп бұзбаса да солай. Мұны ресейлік нөмір таққан таныстарым да растай алады. Егер Ресейден келген көліктерге айыппұл салып, айып тұраққа қамап, алдағы уақытта жүргізушінің болса, үкімет ресейлік нөмірлі көліктерге тыйым салатын болса, онда шекарадан неге өткізді? Егер елді ойласа үкімет Армениядан әкелінген көліктерге берілетін сары нөмірлі бізге де берсін немесе тіркеуді адамның қалтасы көтергендей етіп арзан етсін, – дейді ол.

Қанат Файзуллаев, ресейлік автокөлік иесі:

– Каранзышым, мен көлігімі осыдан бір жыл бұрын 1 млн 300 мыңға алдым. Енді оны тіркеу, техникалық байқаудан өткізу, салығымен қосқанда 1-2 миллион теңге ақша жұмсайды екенмін. Ол ақшаны қайдан табам? Қалтаға ауырлық салмас үшін әдейі қолжетімді ресейлік көлік алдым. Өйткені қазақстандық көліктер бағасы аспандан түр. Бала-шағамды такси болып, әрең асырап жүргенде мынадай мәселе шықты. Енді тіркемей, тәртіп бұзсаң, айып тұраққа қамап, тіпті көлігіңді қайтармай қояды дегенді де естіп жатырмыз. Өз басым ел саясатын түсінбедім, – деді ашынған көлік иесі.

Бүгінгі жағдай міне осындай. Республика көлемінде «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы өткелі ресейлік автокөлік иелерінің мазасы қашты. Профилактикалық іс-шара барысында жүргізушілерге құқық бұзушылық туралы хаттамалар рәсімделген. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығының міндетін атқарушы Айбек Құлмағанбетов мәлімдеді.

– Жалпы ҚР Ішкі істер министрлігімен жүргізілген талдау нәтижесінде республика бойынша Ресей Федерациясынан әкелінген автокөліктердің 88 мыңы есептен шығарылған.

Басы 1-бетте



өрішіп тұр. Сондықтан барлық ата-анаға ескерте кетерлік жайт, егер балада тұмауға ұқсас белгілер анықталса, дереу дәрігерге хабарласқаны жөн. Ал тұмаудың жеңіл түрі болса, үй жағдайында емес емханаға барып емдеген абзал. Мұндай аурулардың алдын алу үшін баланы көп шоғырланған жерлерге апармау қажет. Ең бастысы тазалық сақтаған жөн. Сонда ғана бұл ауру түрінің таралу жолын азайтамыз, – деді Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова.

Иә, баланың жиі ауруына бір ғана себеп болмайды. Оның бірнеше себебі бар. Сол үшін ең алдымен баланың иммунитетін жүйесіне мән беруіміз керек. Бәріміз

БАЛАЛАР НЕГЕ АУЫРДЫ?

Сонғы уақытта балалар жаппай ауырып жатыр. Халық арасында «далаға бір нәрсе сеіпкен екен. Баланы үйден шығармаңыздар» деген сөз желдей есті. Расында, бүкіл баланың диагнозы бір. Бәрі де жаппай қызуы көтеріліп, жөтелуде. Бір жағынан дәл қазіргі уақыт салқын тиіп, тұмау жұқтыратын кезең. Десе де жылда осындай мезгілде балалар жаппай ауырып, ауруханаларлық толғанып естіген емеспіз. Алайда биыл жөтел мен тұмаудың ауыр өтіп жатқаны айдан-анық. Бейресми дерекке сүйенсек, облыстық балалар ауруханасы мен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына күніне кем дегенде 70-80 бала келіп тұсеуде. Тіпті, олар бос палата болмаған соң, аурухананың дәлізінде жатыр. Өзі ауырып барған балаға қолайлы жағдай жасалмаса қиынның-қиыны. Не дегенмен дәліз салқын болатыны белгілі.

де ата-анамыз. Дәл осы кезде әрбір отбасының баласы ауырып жатыр. Тіпті балабақшада бір күнде 5-6 бала бала барған күндер де кездескен. Сонда қалған балалардың бәрі ауырып жатыр немесе ата-анасы көпшілік жерге жіберуге қорқып отыр. Бүгінде ата-анасының есеуі де жұмыстағы балалар ауыраса да амалсыздан балабақшаға барып жүр.

Жалпы үлкендер баланы қалың киіндірме, ыстыққа ұстама деп жиі айтады. Алайда қазіргі жастар баланы қалың киіндіріп, жылы ұстауға тырысады. Дегенмен бұл әдіс иммунитеті жүйеге кері әсер етеді екен. Сондықтан мейлінше баланы салқын ауаға үйреткен дұрыс. Сонда олардың азғасы кез-келген температураға бейім келеді.

– Бүгінде балам бір апта балабақшаға барса, бір апта үйде ем алады. Мұндай жағдай көпшілік ата-ананың басынан өтіп жатыр. Қазір бәрінің көкейінде бір сұрақ. Неге балалар жаппай ауырып жатыр? Осы сауалдың жауабын білгіміз келеді. Бала ауырғанша өзіміз ауырғанымыз артық. Ауруханалар да лық толы екенін күнделікті әлеуметтік желі арқылы біліп отырмыз. Біз үшін ең бастысы баласының амандығы. Сондықтан үш баламды балабақшаға жібермей, үйден шығармай отырмын, – деді қала тұрғыны Самал Мырзағалиева.

Қарап отырсаңыз, бүгінде дәрігерге емес, өзіне сенетін ата-аналар көп. Баланың қызуы көтерілсе де үйден ем-дом қабылдайды. Алайда дәл қазіргі уақытта ақ халаттылар оны құптамайды. Өйткені әлі күнге дейін әлемді алаңдатқан индеттің беті бері қарамай тұр. Сол себепті бала ауырса, дереу емханаға хабарласқан жөн.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Басы 1-бетте

МӘСЕЛЕ

Біз білетін пирамидалар ежелгі сәулет өнерінің ғажайып туындылары еді. Олардың алды 5000 жылдық тарихымен ерекше. Яғни ондаған ғасыр бойы талай ұрпақтың көзін тойдырған тамашалаған көрнекті ескерткіштер.


Ал қазіргі екінің бірінің аузында жүрген «пирамида» ше?.. Нақтырақ айтқанда, жалт-жұлт еткен жарнамасы бірден баурап алатын, қарық қылам деп қалтаңдағы барыңды салғызатын, көз алдында жылдам өсе бастайтын «қаржы пирамидасы».

Осындай «пирамидаға» еліктейтін, қалтасындағы ақшасын көбейткен деген арманмен өз қаражатын салғанымен қоймай, өзге туыстары мен таныстарын ақша салуға үгіттейтін адамдар көбейді. Тиісінше алданғандар қатары қалыңдап, топ-тобымен шағымдана бастады.

Азаматтардан түскен арыздардың негізінде ұзақ зерттеу шараларынан соң еліміздің бірнеше өңірінде осындай күмәнді фирмалар мен компанияларға қатысты экономикалық тергеу органдарымен 30 қылмыстық іс ашылды, тергеу басталған.

Жақында Алматы қаласында құрылып, жұмыс істеген «B2B» компаниясына қатысты сот ісі аяқталды. Қаржылық мониторинг агенттігі Алматы қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті жүргізген жедел-іздестіру шаралары нәтижесінде аталған компанияның әрекеті өткен жылы әшкереленген еді. Биылғы жылдың маусымасында тергеу аяқталып, іс айыптау актісімен сотқа жолданды. Анықталған залал көлеміне орай, 6 млрд теңгенің үстінде мүлікке бұғат қойылды. Жәбірленушілер тізімі 10 мыңнан асады. Шағымданған азаматтар 2000 шамасында.

Біздің өңірде де аталған компанияға қаражатын салып қайтара алмағандар аз емес екен. Қызылордалық 100-ден астам азаматтың арызы Алматы қаласындағы әріптестер жүргізген іске біріктірілген. Олардың бірақатары онлайн тәртіпте өткен сот ісіне де қатысты. Сот үкімі күшіне енсе, салымдарын қайтарып алуды үміт бар.



АБАЙЛАҒЫЗ, ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ

ЖАЛПЫ АДАМДАР НЕГЕ АЛДАНАДЫ?

Осы бір ғана іс бойынша арызданған, өз оқиғаларын түсіндірген жандар бойынша жеке талдау жасалды. Оңай олжаға кенелуді ойлайтын адамдардың жасы да, кәсібі мен қызметі де сан алуан. 20 жастағы жігіт те, 64 жастағы қария да тізімде бар. Көлемді қаражатын салғандар қатарында мұғалім де, дәрігер де, кәсіпкер де, зейнеткер де жүр. Тіпті лауазымды тұлғалар да бар. Өкініштісі, көбісі «жақындырарым білмей-ақ қойсым», «құрысыншы, әуре болып жүр уақытым жоқ» деген желеумен жарты жолдан жауабынан тайқып кетеді.

Қаржы алаяқтығына қатысты істің анықталуы қиын, тергеу ісі ұзақ мерзімді талап етеді. Оған тез арада ізін жасырып үлгеретін «жалған фирмаларды» табудың күрделілігін қосыңыз. Сондықтан қаржы пирамидасының мынадай негізгі белгілеріне назар аударған жөн.

Қаражаттың елеулі сомасын салуды қажет етеді;

♦ Салған ақшаны тез әрі ірі процентпен қайтаруды уәде етеді;

♦ Төлемді алу үшін өз қаражатын салуға таныстарыңызды тартуды талап етеді;

♦ Компания қаражат жинау қарсаңында ғана тіркелген болуы, оның жарғылық капиталы өте төмен және жалғыз құрылтайшысы болуы мүмкін;

♦ Әлеуметтік желілерде белсенді және керемет жарнамасы болады. Түрлі презентациялар, сыйлықтар, жолдамалар ұсынады;

♦ Шартты мұқият зерделегенде егер бір нәрсе дұрыс болмай қалса, ешкімге жауапкершілік жүктелмейтінін байқайсыз;

♦ «Сіз банктен бас тарттыңыз ба? Біз көмектесеміз!», «Берешектен құтылуға көмектесеміз!», «Ақшаңызды көбейтіңіз» және тағы басқада «көзге ұрып тұрған» ұрандармен қызықтырады;

♦ Қолма-қол ақша қабылдайды немесе компанияның банктендегі арнайы есеп айырысу шоттарын қолданбай, интернет-төлемдер мен аударымдардың әртүрлі жүйелерін пайдаланады;


Кез келген жаңа жобаның түбірін тексеруге болады. Алдымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында «Салық төлеушілер Ресейінде» тіркелгенін білуге болады. Сонымен қатар қаржыға қатысты қызмет субъектілерінде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы болуы керек.

Бүгінгінің «пирамидасының» ерекшелігі сол – өмірі қысқа. Тез арада қирап, іргесі сөгіліп қалады. Себебі оның қабырғасы алаяқтықтан қалған.

Пирамиданы құрышылар қаражатын салушылар есебінен табысқа кенеледі. Ұзамай ізін суытады. Ал қаражатын салған қарапайым азаматтар қарызмен, несиемен, отбасы мен жақындарының наразылығымен бетпе-бет қалады. Осыдан сақтануға шақырамыз!

**Бакыт ОРДАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаментінің бас маманы**

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газетінің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптаасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1667

Нөмірді кезекші редакторы Ақтөлеу БТІМБАЙ